

Н.А. РАУПОВА

КӨРКЕМ ЕҢБЕК

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық



2

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 74.263
Р 22

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және гылым министрлігі бекіткен бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Көркем еңбек» пәннің жаңартылған мазмұндагы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



– ойлан және жауап бер



– өзің жаса



– тәжірибе жаса



– байқап үйрен



– оқы, бұл қызық



– жұмыс дәптерінде орында



– мәліметті Интернеттен тап



– өңгіме құра



– ата-анаңмен бірге орындалатын жоба жұмысы



– абай бол

Raupova N.A.
P22 Көркем еңбек: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық /N.A. Raupova.
– Алматы: Атамұра, 2017. – 128 бет.

ISBN 978-601-306-701-8

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 74.263

ISBN 978-601-306-701-8

© Raupova N.A., 2017
© «Атамұра», 2017



Қымбатты досым!

Сен биыл өнер және шеберлер өле-міне көңілді саяхатыңды жалғас-тырасың. 1-сыныпта алған білімің графикалық, кескіндеме жұмыс-тарын орындаپ, түрлі құрамақ жасағанда қажет болады.


«Менің туған өлкем» () және

«Коршаган орта» () сияқты жаңа тақырыптармен танысадасың.

Сурет саласың. Қағаздан, табиги және жасанды материалдардан құрамақ жасап, білімің мен қабіле-тінді жетілдіресің.

Сондай-ақ ата-анаңмен бірге өте қызықты жоба жұмыстарын орын-дайсың.

Саған шығармашылық табыс ті-леймін!





ӨЗІМ ТУРАЛЫ

СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕҢ:

- адамдардың бет өлпетінің үқастығын;
- адамдардың бір-бірінен қалай ерекшеленетінін;
- портрет дегеніміз не екенін

ЕСІНДЕ ТҮСІРЕСІН;



- мимиканың не екенін;
- мимиканың көңіл күйге байланысты өзгеретінін;
- тұс және сзықтың көңіл күймен байланысын

БІЛЕСІН;



- белгілі бір көңіл күйді білдіретін тұс үйлесімін таңдауды;



- әртүрлі көңіл күйдегі адамдардың бет әлпетін сзығып, тұс және мимика арқылы бейнелеуді;

- фотоальбом жасап, оны әшекейлеуді;



- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

ҮЙРЕНЕСІН;

коллаж
коллаж
collage



- әйгілі суретшілер салған портреттерді;
- өзің сияқты балалар салған портреттерді

КӨРЕСІН.





БІРІНШІ СЫНЫПТА АДАМНЫҢ БЕТ ӘЛПЕТИ ТУРАЛЫ НЕ БІЛДІН?



1. Адамдар бір-біріне үқсай ма?
2. Сен басқа адамдарға үқсайсың ба?
3. Адамның бет әлпетін сипатта.



Мына фотосуреттерге қарап, адамдар бір-бірінен несімен ерекшеленетінін есіце түсір. Оларды ата.





«Мен жер бетіндегі миллион адамның бірімін» немесе «Мен ерекшемін, өзгелерге үқсамаймын» тақырыбына шағын әңгіме құра. Өсіресе өз бет әлпетінді көбірек сипатта.



Сен бірінші сыныпта көркем еңбек сабағында қауіпсіздік ережесін меңгердің. Тағы бірнешеуін есіне сақта.

- Жұмысты мұғалімнің рұқсатымен баста. Мұғалім сенімен сөйлескенде, жұмысынды тоқтат.
- Ушкір әрі өткір құралдармен жұмыс істегендеге сыныптастарыңмен сөйлеспе.
- Қолданылу ережесін білмейтін құралдарды пайдаланба.
- Құралдарды ретіне қарай пайдалан.
- Құралдарды мұғалімнің көрсетуі бойынша ұста.
- Құрал-жабдықтарды арнаулы орынга қой. Оларды ретсіз қоюға болмайды.
- Сабактың соңында отырған орнынды жинап, тазала.





№1 жұмыс дәптерінің 3–4-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ТҮС ЖӘНЕ СЫЗЫҚ АРҚЫЛЫ КӨҢІЛ ҚҮЙДІ КӨРСЕТЕМІЗ

Түс адамның көңіл қүйін білдіре алады.



Өзара сәйкес келетін түстер **түс үйлесімі** немесе **түс гаммасы** деп аталады.




1. Өрбір шеңбердің түсіне қарап, көңіл қүйін анықта.
2. Қандай түстер үйлесімі көңілді, көңілсіз, ашулы деп ойлайсың?
3. Сенің күнделікті көңіл қүйіңде қандай түс үйлесімі сәйкес келеді?

Өртүрлі көңіл қүйге әр алуан түс үйлесімі сәйкес келеді.





Г. Ысмайылова.
Қазақ вальсі




Г. Ысмайылова. Ақтөкты
рөліндегі III. Жандарбекова



1. Г. Ысмайылованың екі картинасына мұқият қара. Олардың көңіл күйі қандай? Суретте.
2. Суретші пайдаланған түстерді ата.



Түстің көңіл күйді білдіре алатынына көзіңді жеткіз. Қағаз парагына түс арқылы көңіл күйінді бейнеле. Суретті ата-анаңа көрсет. Нені бейнелегеніңді түсіндір. Ата-анаң қандай көңіл күйді бейнелеғеніңді ажыратса ала ма?



Сызық та түс тәрізді адамның көңіл қүйін білдіреді.

A



Ә



Б



1. Мына сызықтар қандай көңіл қүйді білдіреді? Олардың қайсысын орнықты әрі нәзік деп айтуда болады?
2. Қайсысы өкпелі әрі ашулы? Ал қайсысы көңілді әрі ойнақы?

Сызықтардан тұратын композициялар адамның мінезі мен көңіл қүйін дәл көрсетеді. Сызықты қарындаш, фломастер, бор, бояумен салуға болады.




Сызықтардан тұратын композицияның көңіл қүйін тап.



№1 жұмыс дәптерінің 5-бетіндегі тапсырманы орында.



1. Мына адамдардың көңіл күйін анықта.
2. Бұл суреттердегі ең басты әсерлегіш құрал не?
3. Суретші адамдардың көңіл күйін сызықтар арқылы көрсете алған ба?



Сызықтардың сәйлей алатынына көзінді жеткіз. Ол үшін көңіл күйің күні бойы қалай өзгергенін есіце түсір. Оны сызықтар арқылы бейнеле. Жақындарыңнан сенің көңіл күйің қандай болғанын сызықтарға қарап табуын сұра.





КӨҢІЛ КҮЙІ ӘРТҮРЛІ ПОРТРЕТ САЛАМЫЗ

Адамның бет әлпеті оның мимикасына қарай өзгереді. **Мимика** – бет әлпеттің өзгеруі. Адамның бет әлпеті оның көңіл күйіне қарай құбылады.



Адам күлгендеге көзі сығыраяды. Көңілді адамдар туралы «екі езуі екі құлағына жетеді» деп тегін айтпайды.



Адамның көңіл күйі болмаса, екі езуі төмен түсіп, қасы жогары көтеріледі.



Қызы баланың көңіл күйін қалай сипаттар едің?
Оның мимикасын суретте.



1. Мына суреттерге қара.
2. Олардың көңіл қүйі мен мимикасын сипатта.

Көңіл қүйі мен мимикасы әртүрлі адамды былайша бейнелеп көрсетуге болады:



Үйде айнаға қарап, өзінді үш түрлі қүйде бейнеле. Олар: көңілді, байсалды, үшіншісін өзің таңда (таңғалған, ренжулі немесе ашұлы). Суреттерді сыныпқа әкеліп, достарыңмен талқыла.


Сенің көңіл қүйің бет әлпетіңе әсер етті ме? Өзіңе қай кезде көбірек ұнайсың?



№1 жұмыс дәптерінің 6-бетіндегі тапсырманы орында.



Көтеріңкі көңіл күйді білдіретін портрет салу үшін қызыл, сары, ашық күлгін түсті пайдаланамыз.



Қимылға толы ойнақы сзықтар көңілді адамның жай-күйі мен мимикасын көрсетеді.



Портрет және автопортрет туралы билетінінді есіце түсір.



Жабырқаулы көңіл күйге әлсіз сзықтар тән. Оларды қиын, айқыш сзықтар толықтыра алады.



Көңілсіз адамның портретін салу үшін көгілдір, ақшыл көк түсті таңдаймыз.

Салмақты адамның портретін салу үшін күлгін, күрең қызыл, қара түсті пайдаланамыз. Оған жылы ашық түстерді қосуға болады.



Айқыш-үйқыш сызықтар ашулы адамның көңіл күйі мен мимикасын көрсетеді.





1. Портреттерге зер салып қара. Олардың көңіл күйі мен мимикасын суретте.
2. Қандай әсерлегіш құралдар қолданылған? Оларды ата.



№1 жұмыс дәптерінің 7-бетіндегі тапсырманы орында.




Интернеттен портрет туралы қызықты мәліметті тауып, сыйыптастарыңмен боліс.



ПОРТРЕТТИ ӘРТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРМЕН ЖАСАЙМЫЗ


Портретті **гуашь** немесе **акварель** **бояуымен** орындаі аласың. Қоңіл күйді дәл беру үшін тұс үйлесіміне назар аудар.



Сондай-ақ портретті **көмір** немесе **тушьпен** сала аласың. Сызық пен пішінге айрықша қоңіл бөл.



Итальян суретшісі Джузеппе Арчимбольдо 16 ғасырда өмір сүрген. Ол ерекше портреттер салған. Мына портретте қара. Ол несімен ерекшеленетінін түсіндір.



Портретті **коллаж** түрінде салу өте қызықты жұмыс. Коллаж аппликация тәрізді жасалады. Алайда коллажда әртүрлі материалдар қолданылады.



Түсті қағаз, ескі журналдар мен табиғи материалдардан коллаж жаса.

Сен мұрын, көз, қас, ауыздың пішіндерін өзгерте отырып, адамның бет әлпетін бейнелей аласың. Алуан түрлі мимика мен көңіл күйді көрсетуді де ұмытпа. Коллаж жасау барысында оның тұс үйлесімі туралы ойлан.



1. Портреттердегі баланың көңіл күйі туралы айтып бер.
2. Түстер үйлесімі балалардың көңіл күйімен байланысты ма?
3. Баланың мимикасы туралы не айтасың?



№1 жұмыс дәптерінің 8–9-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

коллаж
collage



АЛУАН ТҮРЛІ ҚАҒАЗДАР

Адам үшін қағаздың алатын орны қандай екенін ойланып көрдің бе? Сен қағазға күн сайын жазасың, сурет саласың, одан құрамақ жасайсың. Кітаптар мен газеттерді де қағазға басып шығарады. Дүкендерде тауарларды қағаз қапшықтарға салып сатады.



1. Қағаз тағы қай жерде пайдаланылады? Мысал келтір.
2. Қағазды неден жасайтынын білесің бе?



Қағаздың кейбір қасиеттерін біліп ал.

● Қағаз парагын екіге бүкте. Ол қалай бүктеледі?

Бүктелген тұсында сызық қала ма? Компьютер тінтуірінің астындағы резенке кілемшени бүктеп көр. Одан қандай өзгеріс байқадың? Қорытынды жаса.

● Қағазды қолыңмен умаждал, қайта тегісте. Қағаз өзгерді ме? Резенке кілемшени бүктеп көр. Оның сыртқы түрі өзгерді ме? Қорытынды жаса.


Қағазды бүктеп, қызықты бүйымдар жасауға болады. Қағазben жұмыс істегендеге оның қасиеттері туралы біліп ал.



Өзің бірінші сыныптан билетін оригамиді есіце түсір. Ол несімен қызық? Оригами жасау үшін қандай материалдар керек?



Кеме жасаймыз



Сызбага қара. Оған қарап өз бетінше кеме жасай аласың.



Қағаз 2000 жылдай бұрын Қытайда жасалған. Оның жасалу өдісі құпия сақталды. Оны ежелгі Самарқанда әскери тұтқындар арқылы 8 ғасырда білген. Самарқан Орта Азиядағы қағаз жасау орталығына айналды. Көне көсіп түрі бұл қалада өлі күнге дейін сақталған.

ЖОБА



ФОТОСУРЕТТЕРГЕ АЛЬБОМ ЖАСАЙМЫЗ

Сенің портреттерің мен фотосуреттеріңде альбом керек. Оны өзің жасай аласың. Қолдан альбом жасау өнері **скрапбукинг** деп аталады.

Алдымен шағын альбом жаса. Ол 8–10 бетті болсын. Атанаң саған көмектессін.



Саған түрлі түсті қатырма қағаз, қайшы, сыйғыш, желім, жібек лента немесе бау, біз не тескіш керек.



ЖҰМЫСТЫҢ РЕТИ

1. Өлшемі шамамен 20×15 см болатын түрлі түсті қатырма қағаз параллелік қиып ал.
2. Сол жақ жиегінен 2 см өлшеп, төмен қарай тік сзызық жүргіз.
3. Осы сзызықтың бойымен жоғарыдан төмен және төменнен жоғары қарай 8 см өлше де, нұктеде қой.
4. Басқа қағаз параллелік қиып ал.



5. Үлкендерден біз немесе тескішпен нұктенің үстінен тесіп беруді сұра.
6. Қағаздарды бірінің үстіне бірін жинақтап, тесіктерге лента не бауды өткіз.

Оны гүлдеп байла.

Алдыңғы беті мүқабасы болатындықтан, оны өшекейлеу керек. Ол үшін артылған қатырма қағаздардан әртүрлі пішіндерді қиып ал. Олардан бейнелер жаса. Есқи ашықхаттарды қиып, альбомды түрлендіре аласың.

АЛЬБОМ МҮҚАБАСЫН ӘШЕКЕЙЛЕУ ҮЛГІЛЕРИ



СЕНИҢ АЛҒАШҚЫ АЛЬБОМЫНДА ДАЙЫН!

Енді альбомыңа фотосуреттерің мен суреттерді орналастыруға қалдыш. Суреттерді қандай түсті параптарға желімдейтініңді ойлан. Өрбір түс белгілі бір көңіл құйді беретінін есіңе түсір. Альбом парагының түсі портреттің көңіл құйіне сәйкес пе? Жауабыңды түсіндір. Фотосуреттер мен суреттерді өрбір бетке желімдеуге болады. Бірнеше бетті келесі портреттеріңді орналастыру үшін бос қалдыр. Альбом параптарын немен әшекейлейтініңді ойлан.





ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. Жасаған портретінді суретте.
2. Жұмысың арқылы не айтқың келді?
3. Өзінді миллион адамның бірі немесе ерекше етіп көрсеткің келді ме?
4. Қандай көңіл күйдегі портрет салдың?
5. Қандай әсерлегіш құралдарды қолдандың?
6. Сенің портретің қандай тәсілмен орындалған? Қандай материалдарды қолдандың? Айтып бер.




Портрет өнері өте ертеде пайда болды. Адамның алғашқы бейнелері бояумен салынбаған. Олар Египет перғауындарының тас мұсіндері еди.



Ежелгі түркілер де мұсіндер жасаған. Оларды «балбал» дейді.

БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Мимика дегеніміз не?
2. Адамның мимикасы мен көңіл күйінің арасында қандай байланыс бар?
3. Сызық пен пішін арқылы мимиканы көрсетуге бола ма?
4. Бұл бөлімнен не білдің? Не үйрендің?



Д. Қасымов. Айсұлу



Пинтурикъо.
Баланың портреті



1. Екі портретті салыстыр.
2. Өзіңе ұнағанын таңдаң алыш, оны суреттеп бер.





МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- натюрморт дегеніміз не екенін

ЕСІҢЕ ТҮСІРЕСІН;



- қазақ дастарқаны туралы;
- дәстүрлерді;
- ұлттық тағам түрлерін;

- натюрморт құрастыруды;

- композициядағы көрініс дегеніміз не екенін

БІЛЕСІН;



- бірнеше көріністен тұратын натюрморт құрастыруды;



- салфеткаларға әдемі қағаз сақиналар жасауды;



- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

натюрморт
натюрморт
still life

ҮЙРЕНЕСІН;



- суретшілердің «Менің отбасым және достарым» тақырыбына арналған туындыларын;



- балалар салған натюрморттарды

КӨРЕСІН.





ЖАҚЫНДАРЫММЕН ӨТКІЗЕТИН МЕРЕКЕЛЕР. ҚАЗАҚ ДАСТАРҚАНЫ

Отбасы – бұл ең жақын адамдарың. Отбасы мүшелері бір-біrine қамқор болады. Қыны сәттерде көмектеседі. Достары үйге келгенде қуанады. Отбасылық мерекелерді бірге атап өтеді.



1. Сенің отбасында қандай мерекелер аталып өтеді?
2. Қандай тағамдар әзірлейсіңдер?
3. Сен көмектесесің бе?

Қазақ – өте қонақжай халық. Келген қонақты жылы шыраймен қарсы алады. Қазақ дәстүрінде қонақтардың құрметіне жайылатын дастарқанның орны ерекше. Халқымыз кез келген жолаушыны төріне шыгарып, барын алдына қояды. Дәмді тағамдарын әдемі өрнекті ыдыстармен ұсынады.



A. Фалымбаева. Натюрморт

Қазақтың дастарқаны шайдан басталады. Шаймен бірге құймақ, құрт, кептірлген жеміс, жаңғақ және бауырсақ беріледі. Бауырсақ – үлттық тағам. Бауырсақсыз қазақ дастарқанының сөні кірмейді. Дастарқанға бауырсақты молынан төгу – береке мен молшылықтың белгісі.



Үй иесі дастарқанға бар дәмдісін қояды. Соның ішінде еттің алатын орны бөлек.



Мына мақал-мәтелдерден халқымыздың қонақжайлышығы көріне ме?

- *Келгенше қонақ цялады,*
Келген соң үй иесі цялады.
- *Қонақ келсе – құт.*



№1 жұмыс дәптерінің 10–11-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

КОМПОЗИЦИЯДАФЫ ҚӨРІНІС



1. Натюрморт дегеніміз не? Есіце түсір.
2. Натюрмортта не бейнеленеді?

натюрморт
натюрморт
still life



Натюрморттағы заттарды қалай дұрыс орналастыруға болатынына тәжірибе жасап көрейік.



1-композиция. Үш затты бір қатарға тізіп қоямыз. Мұндай композиция қызығушылық тудырмайды. Өйткені заттар тапжылмай тұрғандай әсер қалдырады.

2-композиция. Заттарды қағаз жиегінен әртүрлі қашықтықта орналастырамыз. Қараши, композиция өзгере бастады. Заттар алдыңғы және артқы қатарда орналасады. Мұны **бірнеше қөріністі композиция** деп атайды.





З-композиция. Үш затты бір жерге жинаймыз. Үлкен әрі берекелі шәйнек өзінен кіші достары – кесе мен тәрелкені «қорғап» тұргандай. Кесе өзін еркін сезініп, ал тәрелке достарын «паналап» тұр.

Алдыңғы қатардағы кесенің шәйнек пен тәрелкені аздап жауып тұрганына назар аудар. Алдыңғы қатардағы заттар артқы қатардағыларды көлегейлейді.

Натюрморт композициясын қалай құрастыруға болатыны туралы қорытынды жаса.



№1 жұмыс дәптерінің 12–13-беттеріндегі тапсырмаларды орында.




НАТЮРМОРТ ЖАСАЙМЫЗ



1. Пішім дегеніміз не екенін есіце түсір.
2. Қандай пішімдерді білесің?

Суретші заттарды қағаз пішіміне қарай бейнелейді. Оны бір натюрморттың компьютерде өнделген сыйбасынан көре аласың. Тік пішім заттарды ұзынынан созып көрсетеді. Көлденең пішім жалпақ етіп көрсетеді. Сен суреттерің әсерлі болуы үшін пішім мен бейненің байланысын ескеруің керек.





«Таңғы ас» немесе «Мерекелік дастарқан» тақырыбына натюрморт сал.

Суретті салмай тұрып бірнеше затты бір қатарға қой. Егер композиция қызықсыз көрінсе, онда оны өзгерт. Заттарды үстелдің жиегінен әртүрлі қашықтықта орналастыр. Оларды қызықты етіп топта. Қай композиция жаксы көрінеді екен?

Натюрмортқа сәйкес пішім таңда. Натюрморттың көңіл қүйі, түс үйлесімі туралы ойлан. Оны қалай жасайтынынды шеш. Натюрморт салып, оны өшекейле.



№1 жұмыс дәптерінің 14–17-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



САЛФЕТКАҒА ҚАҒАЗДАН САҚИНА ЖАСАЙМЫЗ

Үйге қонақ келерде мол дастарқан жайылады. Үстелге әдемі ыдыс-аяқтар, әшекейлі салфеткалар қойылады. Салфеткаларды әдемі сақиналарға кигізеді. Олар металл, пластика, фарфордан жасалады. Сен де мұндай сақиналарды жасай аласың.



Саған түрлі түсті жұқа қатырма қағаз, қайши, сзығыш, желім, түсті фломастерлер керек.

ЖҰМЫСТЫҢ РЕТИ

1. Түрлі түсті қатырма қағаздан өлшемі 5×15 см болатын қағаздарды қып ал.



2. Қағаз жиектеріне желім жағып, бір-біріне жапсыр.



3. Түрлі түсті қағазға жай қарындашпен әшекейлі суреттер сал. Ол балық, гүл, құс болуы мүмкін. Суреттердің өлшемі 5 см болуы тиіс.

4. Суреттерді сөнде. Оларды фломастермен өрнектеп, аппликациямен әшекейлей аласың.





5. Суреттерді қайшымен қи.

6. Әшекейлерді сақиналарға желімде.



САЛФЕТКАНЫ ӘШЕКЕЙЛЕЙМІЗ

Салфетканы әшекейлеудің түрі көп. Соның бірі – қатпарлап бүктеу. Бір қағаз сақинасына түсі әртүрлі екі-үш салфетканы кигізуге болады. Сонда жарасымды көрінеді.

Салфеткаларды дайын сақиналарға кигіз. Тәрелкелерге желпуіш тәрізді етіп қой. Түсі ашық салфеткалар қою түсті тәрелкелерге, қою түстілері ашық түсті тәрелкелерге жақсы үйлеседі.





Салфетканы әдемілеп бүктеу жолдары туралы мәліметтерді Интернеттен тауып оқы.



ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

«Бауырсақ» сөзі «бауырласу» сөзінен шыққан деген пікір бар. Бауырсақ қазақ қонақжайлышының символы бола ала ма? Бауырсақ туралы өз ойынды айт.

1. Жасаган натюрморттыңды шығармышылық ойын түсіндір.
2. Оның композициясы туралы айтып бер.
3. Натюрмортта нені бейнеледің?
4. Неліктен дәл осы заттарды таңдадың?



1. Натюрморттағы заттарды қалай орналас- тырған дұрыс?
2. Бірнеше көріністі композиция дегеніміз не?

БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Қазақ дастарқанын суретте.
2. Мерекелік дастарқанға қандай тәғамдар мен ыдыстар қойылады?
3. Қандай дәстүрлерді білесің?

??

1. Анаңа дастарқан жаюға көмектесе аласың ба?
2. Салфеткаға арналған сақинаны қалай жасағаныңды айтып бер.
3. Олар мерекелік дастарқанға сән бере ме?
4. Бұл бөлімнен не білдің және не үйрендің?



КОМПОЗИЦИЯДАҒЫ ҚӨРІНІС БІРНЕШЕ ҚӨРІНІСТІ КОМПОЗИЦИЯ



МЕНИЦ МЕКТЕБІМ

СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- қандай пішіндер бар екенін, оларды қайда пайдалануға болатынын



ЕСІҢЕ ТҮСІРЕСІН;



- түрғынжайлар не үшін безендірілетінін;
- паспарту, матрица және баспа-таңба дегеніміз не екенін;
- матрица жасауды, онымен қалай жұмыс істеуге болатынын;
- дизайнер деген кім, ол не істейтінін



БІЛЕСІН;



- матрица басу тәсілімен өртүрлі бейне жасауды;



- сурет көрмелерін безендіруді;



- өртүрлі қораптар жасап, оларды өшекейлеуді;
- жана термин сөзді қазак, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

дизайн
design

ҮЙРЕНЕСІН;



- матрица арқылы не жасауга болатынын;
- балалардың жасаған плакаттары мен қораптарын



КӨРЕСІН.



МЕКТЕПТІ БЕЗЕНДІРЕМІЗ

Суретшінің еңбегі өте зор. Ол біздің айналамызды көркейте түседі. Өз үйінді ешқандай әшекейсіз: тек еден, қабырга мен төбені елестетіп көрші. Мұндай үйде өзінді жайлыш сезінер мемдің?

Мектеп – сенің екінші үйің. Сыныбың мен мектептегі басқа бөлмелерге назар аудар. Суретшілердің оны әдемілеу үшін қалай еңбек еткенін ойлан.



Сенің мектебінде акт залы, асхана, кітапхана, спортзал, сынып бөлмелері бар. Мектебіндегі қай бөлмені безендірер едің?

Сен де суретшісің. Өз сыныбыңды безендіруге шамаң келеді. Мысалы, достарыңмен бірге сурет және бұйымдардың көрмесін үйымдастыра аласың.



Ол үшін әдемі суреттерді таңдал алып, оларды түсті паспартуға желімдейсің. **Паспарту** – суретті безендіруге арналған жақтау не қатырма қағаз. Дайын суреттерді сынып бөлмесінің қабырғасына, сондай-ақ стендке ілуге болады.



№1 жұмыс дәптерінің 18–19-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

ПЛАКАТ ЖАСАЙМЫЗ

Сонымен қатар сыныпта тұған күн иесіне арнап шағын бұрыш жасауға болады. Достарыңды тұған күнімен құттықтау тамаша емес пе!

Плакатты коллаж тәсілімен де жасайды.



Плакат жасау үшін саған түсті қатырма қағаз парагы, бояу, қылқалам, фломастерлер, желім және достарыңның фотосуреттері керек.

Өзіңде қажет бейнені қызып алыш, оны қатырма қағазға желімде. Ол үй, ағаш, гүлдер болуы мүмкін. Мысалы, үйдің терезесінің ішіне тұған күн иелерінің фотосуреттерін әр ай сағын орналастырамыз. Сыныптастарыңның құттықтау сөздерін ағаш, гүлдердің жапырақтарына жазып, жапсыруға болады. Бұл жұмысты бәрі бірігіп орындаса, қызығырақ көрінеді.

Матрица басу тәсілімен плакат жасауға болады.



Мұндай плакат жасау үшін де аталған материалдар мен матрицалар қажет. Матрицаны алдын ала әзірлеп қою керек. Қағаз парагының ортасына матрица басу тәсілімен айшықты таңба салындар. Суреттің айналасына сыныптастарының құттықтаулары мен тілектерін орналастыра аласындар.



№1 жұмыс дәптерінің 20–21-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

МАТРИЦАЛАРМЕН ТАҢБА ЖАСАП ҮЙРЕНЕМІЗ



Қандай пішіндерді білетініңде есіңе түсір. Оларды ата.

Матрица – әртүрлі баспа-таңба жасауға болатын пішін. Қағаз парагына бояу жағылған пішінді басу арқылы жасалатын бейне **баспа-таңба** деп аталады.

Матрица жасау үшін өшіргіш, пенопласт немесе картоп қолдануға болады. Олардан керекті пішінді пышақпен кесіп аласың (суретке қара). Үлкендерден саған көмектесуді сұра. Матрицаны қиганда абай бол.



Әртүрлі матрикалармен баспа-таңба жаса. Оларды салыстыр. Қандай матрикалардың таңбалары жақсы көрінеді? Сол матрикаларды пайдалан.



Саған түсті қағаз, бояу, қарындаш, матрикалар керек.



ЖҰМЫСТЫҢ РЕТИ

1. Алуан түрлі сурет жасау үшін дөңгелек, үшбұрыш, сопақша, тік төртбұрыш, ромб тәрізді бірнеше пішін жетеді.

2. Бояуды палитрада араластыр. Бояу мол болуы керек. Сен оған қағазға таңба түсіру үшін матрицаны маласың.



3. Алдымен бір немесе бірнеше элементті қайталай отырып, қарапайым өрнек құрап көр. Өрнек – әшекей түрі. Ол сзызық не пішіннен тұруы мүмкін. Өрнек түрлі түсті немесе ақ-қара аралас болады.



4. Әдемі таңбалар жасағаннан кейін, күрделірек жұмыс жасап көр. Түсті қағаз парагына сурет сал. Одан соң әртүрлі таңбаларды түсір. Сонда суретің өте әдемі шығады.



№1 жұмыс дәптерінің 22–23-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ДИЗАЙН ӨНЕРІ

Сенің айналаңда әртүрлі заттар бар. Олардың бәрінен суретшінің еңбегін көресің. Суретші заттардың пішіні мен түсіне мән береді. Сәйкес материалдарды таңдайды. Заттарды әдемі, берік әрі ыңғайлы етіп жасайды. Ол суретшіні **дизайнер** деп атайды.



- Мына заттарға қарап, дизайнердің қандай еңбегін көргенінді айт.
- Заттар несімен ұнады (түсі, пішіні, ерекшелігімен)?
Жауабынды түсіндір.

Есіңе сақта!

Дизайнер-суретшінің жұмысындағы негізгі ережелер –
ӘСЕМДІК, ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ БЕРИКТІК.

Дизайнер-суретші кез келген затты түрлендіре алады. Қарашы, қарапайым қағаз бен кестелі лента көркем дүние болып шыққан. Ішінде не бар екенін білгің-ақ кеп тұрады.



Дизайнер жай қораптың өзін нағыз өнер туындысына айналдыра алады.

дизайн
дизайн
design



Ұсақ-түйек салатын қораптар дөңгелек пішінді де болады. Мұндай қорапқа түрлі түсті қағаз желімдеп, лак жаға аласың.



ҚОРАП ЖАСАП, ОНЫ ӘШЕКЕЙЛЕЙМІЗ

Сен бұғін дизайнер ретінде ұсақ-түйек салатын қорап жасайсың. Қабілетің мен ұқыптылығыңды көрсөт.




1. Жеңіл заттарды салатын қорапты қандай қатырма қағаздан жасауға болады?
2. Ауыр заттарды салатын қорапты қандай қатырма қағаздан жасайсың?



Саған қатырма қағаз парагы, түсті қағаз, қарындаш, желім, сызғыш, қайшы керек.

ЖҰМЫСТЫҢ РЕТИ

1. Керек өлшемді қатырма қағазын дайында. Өлшемі 20 және 15 см болатын тік төртбұрыш сыз. Бұл – қораптың түбі.



2. Сызғышпен жан-жаянан 6 см өлшеп, сызық жүргіз. Бұл – қораптың бүйір қабыргалары. Сенің қорабыңың төрлендігі 6 см болады.

3. Қораптың барлық жағын солай жаса.
4. Бүйір жақтарынан 2 см қалдыр.
5. Дайындаудың қиып ал.



6. Қораптың қақпағын да осылай жаса. Қақпағы қораптың түбінен 0,5 см үлкен болу керек. Қақпағы дұрыс тұруы үшін шығыңқылау болу қажет. Алайда олар 2 см-ден аспайды.



7. Бұктеулерін қайшымен басып, сзызықтарының үстінен қайыр. Қақпақтың үлгісін де солай жаса.



8. Оларды ұқыптаң желімде.
Қораптың қақпағын да
желімде.

ҚОРАП ДАЙЫН! ОНЫ ӘШЕКЕЙЛЕУ ФАНА ҚАЛДЫ.

Қорап берік әрі ыңғайлы фана емес, әдемі болу үшін, оған қағаздан қиып алған дөңгелектерді желімдеуге болады. Егер қорапты қағаздан жасалған гүлдермен не бантпен әшекейлесе, ете әдемі көрінеді.



№1 жұмыс дәптерінің 24–25-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. Құттықтау плакатың туралы айтып бер.
2. Оны қандай тәсілмен жасадың?
3. Достарыңды қандай себеппен құттықтағың келеді?
4. Қорапты қалай жасағаныңды айт. Ол не нөрсеге арналған?

Сен мектепте уақытыңың көп бөлігін
өткізесің.

Мектебің әдемі болу үшін не істей аласың?
Ойлан.

Жұмысыңды таныстыру барысында осы
туралы айтып бер.



Грек және рим мектептері қазіргі мектептердің
негізін қалаған. Грек ғалымы Платон – «академия»
деп аталған оқу орнын үйімдастырған алғашқы
ұстаз.



Орта ғасырларда мұсылман елдерінде де мектептер ашылған.

БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Дизайнер деген кім? Оның жұмысының негізгі ережелерін ата.

2. Саған мына доптардың қайсысы үнайды? Жауабынды түсіндір.



1. Көрмені қалай безендіруге болады?

2. Матрица деген не? Матрицаны неден жасауға болады?

3. Төмендегі матрикалар қалай жасалған (А, Ә, Б)?

4. Бұл бөлімнен не үйрендің?



ПАСПАРТУ

МАТРИЦА

БАСПА-ТАҢБА



МЕНИҢ ТУФАН ӨЛКЕМ

СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:


- қандай түстер негізгі және құрама деп аталатынын;
- қай түстер жылы және сұық деп аталатынын;
- пейзаж дегеніміз не екенін

ЕСІҢЕ TYCIPECIҢ;



- кескіндеме деген не екенін;
- реңк дегеніміз не, оның қандай болатынын;
- мозаика деген не, оның қандай болатынын

БІЛЕСІҢ;



- қоршаған ортадан алуан түрлі реңктерді көруді;



- әртүрлі реңктерді шығарып, олармен жұмыс істеуді;



- реңктерді дұрыс атауды;

- мозаика жасауды;

- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды




кеңсіндеме
живопись
painting

ҮЙРЕНЕСІҢ;



- кескіндемеші-суретшілердің туындыларын;



- әйгілі шеберлер жасаған мозаикаларды



КӨРЕСІҢ.




ТУҒАН ӨЛКЕ ТАБИҒАТЫНДАФЫ ЖЫЛЫ ЖӘНЕ СУЫҚ ТҮСТЕР

Әр адамға туып-өсіп, балалық шағы өткен жері ыстық. Біреулер есейіп, басқа жерге қоныс аударады. Ал енді біреулер тұған жерінде қала-ды. Алайда адам қай жерде журсе де, тұған өлкесіне қуана оралады.



1. Туып-өскен жерің туралы айтып бер.
2. Ол жер саған несімен қымбат?
3. Пейзаж дегеніміз не? Есіңе түсір.
4. Жылдың әртүрлі мезгілдерінде сенің тұған өлкенің табиғатында қандай түстер басым болады?





Суретші М. Бекеевті тұған жер
және балалық шақ туралы есте-
ліктің жыршысы деуге болады.

M. Бекеев. Кеш

Қарашы, суретші сурет салу үшін қоршаған ортадағы түстерді
көп қолданады. Туындыда басты әсерлегіш құрал түс болса, ол
кескіндеме деп аталады. Мұндай туындыларды салатын суретшіні
кескіндемеші деп атайды.

кескіндеме
живопись
painting



M. Бекеев. Қараағаш



1. Суретшінің екі туындысын салыстыр. Олардың
көңіл күйін суретте.
2. Оларда қандай түстер басым?
3. Бұл картиналарға қарап қандай сезімде боласың?

РЕҢК АТАУЛАРЫ



1. Қандай негізгі түстерді білесің?
2. Құрама түстер қандай түстерден тұрады (қызығылт сары, жасыл және күлгін)?

Мына суреттерге назар аудар. Олардың түсі қандай?



Өрине, жасыл. Алайда олардың түсі өртүрлі. Түсі емес, реңктері алуан түрлі.

Реңк – бұл бір түстің түрленуі. Жаңа бояу реңктерін шығару үшін бір түске басқа түсті қосу керек. Сонда бір түстің алуан түрлі реңктерін алуға болады.



Палитрада жасыл түсті гуашь бояуына басқа түсті бояуларды қос. Оларды араластыра отырып, жасыл түстің өртүрлі реңктерін шыгар. Бояуга саусағында малып, қағаз парагына таңбалар түсір. Жасыл түстің қандай түрлерін шыгарғаныңды сана.



Тұс реңктерінің өз атауы бар. Кейбір реңктер көгөніс, жеміс-жидектердің атауымен байланысты болады. Мысалы, қарақат, қызылша, қызанақ, жасылкөк, т.б.



Кейбір реңктер гүлдердің атауымен байланысты болады. Мысалы: қызғалдақ, сарғалдақ.



Енді бірі табиғи материалдардың, минералдар мен металдардың атымен аталады. Мысалы, құм түсті (қызылтым), көк теңіз, күміс, алтын, малахит түстес, т.б.

1. Мына фотосуреттердегі реңктерді ата. Реңк атаулары қандай сөздерден шыққан?
2. Гүлдер мен жемістерге байланысты тағы қандай реңктерді атай аласың?




№1 жұмыс дәптерінің 26–27-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



БІР ТҮСТІң ЖЫЛЫ ЖӘНЕ СУЫҚ РЕҢКТЕРИ

Реңктер де бояу түстері сияқты **жылы** және **сұық** болып белінеді. Егер кез келген тұс реңктерінде сары немесе қызыл тұс басым болса, олар жылы реңктер болады. Ал көк тұс басым болса, онда реңктер сұыққа жатады.

Жасыл тұс сары және көк түстің қоспасынан тұрады.



Қарашы, жасыл тұс солдан онға қарай жылырақ көрінеді.



Реңктерді шығарып үйрен. Пали-трада көгілдір түсті гуашьца сары түсті көбірек қос. Бояуларды араластыр. Оған саусағыңды малып, қағазға таңба түсір. Сонда жасыл түсті реңктердің бірнешеуін шығарасың. Олардың қайсысы жылы, қайсысы сұық екенін анықта.



№1 жұмыс дәптерінің 28–29-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

Құлғін тұс те екі түрлі – қызыл және көк түстерден құралған.



Құлғін түсте көк тұс көбірек болған сайын, ол сұық түске қарай өзгереді. Қызыл тұс басымырақ болса, реңк түсі жылы болады.



Негізгі түстер: қызыл, сары және көктің де көптеген реңкі бар.



Мына түстер шеңберіне қарашы. Оған қарап бір тұс екінші түске реңктерін өзгерту арқылы ауысатынын бақылай аласың.


??

1. Құлғін түстің реңкі солдан онға қарай қалай өзгергенін айт.
2. Кемпірқосақтың түстері қалай орналасқан?
3. Олардың орналасуу ретін шеңбердегі түстердің орналасуымен салыстыр.





ТУҒАН ӨЛКЕ ТАБИГАТЫН БЕЙНЕЛЕЙМІЗ

Төмендегі кескіндеме туындыларына назар аудар. Суретшілер сурет салғанда көптеген тұс пен реңкті қолданады. Сондықтан картиналарындағы түстер үйлесімі өте бай.



A. Есдәулет. Құз






B. Шерімов. Медресе

1. Суретшілердің туындыларында қандай тұс реңктері басым?
2. Қандай реңктер көбірек – жылы ма әлде сұық па?
3. Картиналар қандай сезімге бөлейді?



МЫНА ПЕЙЗАЖДАРДЫ БАЛАЛАР САЛҒАН



Тұған өлкеңің қай түсын бейнелейтініңді шешіп ал. Оның композициясы туралы ойлан. Қағаз парагының өлшемі мен пішімін таңда.

Бұл жұмысты акварель не гуашь бояуларымен орындайтын болғандықтан, жұмысының түс үйлесімі туралы алдын ала ойлан. Палитрада бояу реңктерін шыгарып ал.



Табиғат көрінісі туралы шағын әңгіме құра. Өзің жақсы көретін жыл мезгілін жазуыңа болады. Табиғаттағы түстер мен реңктерге көңіл бөл. Олар жыл он екі ай, ауа райы, тәулік мезгілдеріне орай қалай өзгереді еken?! Салатын суретінді сипатта.



МОЗАИКА ӨНЕРІМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Мозаика – әртүрлі материалдардан (тас, шыны, ағаш) жасалған бейне. Мозаика өнері өртеде пайда болған. Бұрынырақта мозаика өзен бойындағы малтатастардан жасалған. Уақыт өте келе малтатастың орнын түрлі түсті құңгірт шыны – смальта басты.



Ежелгі мозаика

Шыныдан жасалған мозаикалар өте айшықты әрі берік. Сондықтан да олардың көпшілігі бүгінгі күнге дейін сақталған. Олар көрермендерді әлі де таңғалдырып келеді.

Бұрын зәулім сарайлар мен мешіт, шіркеулерді мозаикамен өшекейлекен. Бүгінгі таңда ғимараттар, субұрқақ, метро стансалары мозаикамен безендіріледі.





М. Кенбаев,
Н. Цивчинский.
Мозаикалық панно

1. Сен нағыз мозаиканы көрдің бе?
2. Егер сен Алматыда тұратын болсаң немесе осы қалаға барсаң міндетті түрде метроға барып көр. «Алатау», «М. Әуезов атындағы театр» стансалары қазіргі заманғы әсем мозаикалармен өшекейленген. Оларды қарап шық.
3. Сен ол жерден смальтаның қанша түсін көрер екенсін?



Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің күмбезі көк түсті өрнектермен көмкерілген. Күмбезді көк аспан ба дерсің! Ал кесененің қабыргалары тоқылған кілемдей көрінеді. Алайда бұл «кілем» сәулет өнері шеберлерінің қолынан шыққан. Кесене – қазақ халқының маңта-нышы.



Гүэль саябағындағы айданар



Испанияның Барселона қаласында тамаша Гүэль саябағы бар. Оны ойлап тауып, жасаған – Антонио Гауди атты шебер. Саябақтың ғимараты, орындық, баспалдақ – бәрі мозаика. Саяхатшылар өздерін ертеңі әлемінде жургендей сезінеді.

Заманауи шеберлер мозаика жасау үшін әртүрлі материалдарды қолданады. Олар: сынған ыдыс пен айна, моншак, қатырма қағаз, табиги материалдар.

Сен жоғары сыныптарда мозаиканы алуан түрлі материалдардан жасап үйренесің. Қазіршे мозаиканы полимер балшықтан қатырма қағаз бетіне жаса.



№1 жұмыс дәптерінің 30–31-беттеріндегі тапсырмаларды орында.


«АПОРТ АЛМАСЫ» МОЗАИКАСЫН ЖАСАЙМЫЗ

Алматы – өсем өрі үлкен қала. Жұпар иісі аңқыған апорт алмасы – қаланың символы.

Алматыда апорт алмасының таңғажайып субурқағы бар. Оның авторы – Едігे Рахмадиев.



1913 жылғы көрмеде апорт түкімі ғалымдар мен көрмеге келушілерді таңғалдырган. Қызылт түсті алманың салмағы 1200 г жетіп, ал оның дәмі тіл үйірген.



Апорт алмасын мозаика тәсілімен полимер балшығынан жаса.

Саған өлшемі 15×15 см ақ немесе сары түсті қатырма қағаз, жай қарындаш, полимер балшығы немесе ермексаз керек.

ЖҰМЫСТЫҢ РЕТИ

1. Жай қарындашпен алманың суретін сал.
2. Сары және қызыл түсті полимер балшығын араластыр. Қызыл түстің 5 реңкін шыгар ● ● ● ● ●.
3. Қою қызыл реңкті балшықтан бірдей кішкене шарлар ● жасап ал. Оларды алманың суретінің үстіне желімде (2–3 қатар).
4. Ашық түсті реңкті балшықтан ● кішкене шарлар жасап, 2–3 қатар тізіп шық.



5. Басқа реңкті балшықтарды да ● ● солай істе.
Алманың дәл ортасы ашық қызығылт реңкті шарлардан ● жасалады.
6. Жасыл реңкті балшықтан жапырағын жаса. Сабағын қоңыр түсті полимер балшығынан жаса.
7. Фонын (негізтүс) бір түсті немесе бір реңкті полимер балшығынан жасауға болады. Сондай-ақ түсті қатырма қағаз да қолданылады.





ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. Алматы апорты туралы білетініңді айтып бер.
2. Мозаиканы қалай жасадың?
3. Жасаған жұмысындағы кімге сыйлағың келеді?



1. Палитрада түстерді қалай шығардың?
Түстерді шығару үнады ма?
2. Бұл бөлімнен алған білімің
қоршаған орта мен суретшілердің
туындыларындағы реңктерді байқауға
көмектесті ме?
Жауабынды түсіндір.



Жапон оқушысы мектеп бітірерге дейін екі жуз түсті атап, ажыратса алғынын білесің бе? Сен мектепте әлі бірнеше жыл оқисың. Қазірше түс атауларының шығу тарихын есіңде түсір. Он түсті ата.

Халқымыз үшін жылқының ежелден маңызы зор. Жылқы түсінің атаулары қандай? Жылқының торы, қара, боз, бурыл, жириен, күрең, құла, көк, қаракөк, қарасүр және т.б. түстері болады.



Интернеттен түстердің алуан түрлі реңктері туралы мәліметтерді тауып оқы. Реңк атауларын есіңде сақта.

БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ



1. Кескіндең дегеніміз не?
2. Кескіндең туындыларын жасайтын суретшіні қалай атайды?
3. Ренқ дегеніміз не? Қандай реңтерді білесің?
4. Суретші бір түстің бірнеше реңкін қалай шығарады?

1. Мозаика дегеніміз не? Ол туралы қандай қызықты нәрселер білдің?
2. Мозаика қай жерде қолданылады?
3. Мына мозаикаларға қара. Олар тас пен ұлу қабыршағынан (А) және жұмыртқа қабығынан (Ә) жасалған.



A



Ә

КЕСКІНДЕМЕ
КЕСКІНДЕМЕШІ

РЕНҚ
МОЗАИКА



ДЕҢІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- ойынның түрлерін, олардың адамға пайдасын;



- графика дегеніміз не екенін;
- шығармашылығын қазақ халқына арнаған суретші туралы;
- сұлба дегеніміз не екенін



БІЛЕСІН;



- сұлбаны әртүрлі жолдармен жасауды;
- қозгалыстағы адамның сұлбасын бейнелеуді;
- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды



графика
графика
graphics

ҮЙРЕНЕСІҢ;



- суретшілердің ойын түрлеріне арналған туындыларын;
- сұлба жасау шеберлерінің туындыларын



КӨРЕСІҢ.



ТАЗА АУАДАФЫ ОЙЫН ТҮРЛЕРИ

Сен денің сау болу үшін таңертең жаттығу жасап, спортпен шұғылдану керек екенін білесің. Таза ауада көбірек серуендеу қажет. Балалар қозғалып, секіріп, жүгіргенді жақсы көреді. Мұндай ойындар ептілік пен шымырлығында арттырып, шынықтырады. Денсаулығыңда да пайдасы зор.



1. Жазда далада ойнайтын қандай ойындарды білесің?
2. Қандай қысқы ойындарды білесің? Олар туралы айтып бер.
3. Достарыңмен бірге қандай ойындар ойнайсың?



Достарыңмен бірге ойнайтын ойын түрлері туралы шағын әңгіме құра. Оның ережесін айтып бер. Қай жыл мезгілінде ойнаған дұрыс? Ол ойын сендерге несімен үнайды?

Суретшілер балалар ойыны тақырыбын жиі бейнелейді.



*I. Nyström.
Шанамен сырғанау*



1. Қалай ойлайсың, суретшілерді бұл тақырып несімен қызықтырады? Өз ойынды айт.
2. Ал сені бұл тақырып несімен қызықтырады?



M. Нүргөжин. Аңшылықта



1. Суретшілер бұл туындыларда қандай көңіл күйді беруге тырысқан?
2. Картиналардағы балалар не істеп жатыр?
3. Суретшілер қандай өсерлегіш құралдарды пайдаланған?



Интернеттен ойын түрлері мен олардың ережесі туралы мәліметтерді тауып оқып, сыйыптастарыңмен бөліс.



№2 жұмыс дәптерінің 3-бетіндегі тапсырманы орында.



ГРАФИКА ӨНЕРІМЕН ТАНЫСАМЫЗ

Басты әсерлегіш құралдары сызық, пішін, ақ және қара түстері болатын туындылар **графика** деп аталады. Графикада кейде тұс те қолданылады.

Графика туындыларын салатын суретшіні **график-суретші** деп атайды.



M. Қисамединов. Махамбет



И. Исабаев. Абай



*B. Фаворский.
Епифанов хуторы*

Караши, график-суретшілер әртүрлі жұмыстар орындайды. Ақ және қара түстердің үйлесіміне, сызықтардың әсерлілігіне назар аудар. График-суретші қара тушь, қаламұш, қарындаш, фломастер және тағы басқа материалдармен жұмыс істейді.

Суретші Евгений Сидоркин тарих пен халық дәстүріне, ұлттық ойын түрлеріне арналған көптеген графика туындысын жасаған. Оның графикалық жұмыстары да «Қазақ ұлттық ойындары» деп аталады.



Кыз қуу



Бәйге

графика
graphics

1. Графика дегеніміз не?
2. График-суретші қандай әсерлегіш құралдарды пайдаланады?

??



Кекпар



№2 жұмыс дәптерінің 4–6-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



СҮЛБА ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Сүлба – графиканың бір түрі. Ол бір түсті зат пішіні. Өдөтте қара түсті болады.

Сүлба арқылы қозғалысты беруге болады. Сен қозғалыстағы адамды бейнелеп көрдің. Адамның дене мүшелері қалай қозғалатынын еске түсіру үшін айнаға жақында. Қолынды, аяғынды, дененді қозғалт. Қай жерде қалай бүгілетінін талда.



Байқадың ба, суретші әсерлегіш құралдарды көп қолданбайды. Алайда суреттердің сүлбасына қарап, оның нені бейнелегенін аңғаруға болады.



1. Мына жануарларды ата.
2. Оны қалай білдің?

Кейбір суретшілер бар шығармашылығын сұлба өнеріне арнаған. Сұлбада ұсақ бөлшектер, алуан түстер болмайды. Сондай-ақ сзызықтар да өте сирек қолданылады. Сондықтан суретшінің бар назары пішінге аударылады.



- Сұлба жасаудың шебері Е. Кругликованың екі жұмысына назар аудар. Оларды қалай атар едің?
- Бұл сұлбалар туралы не айтасың?
- Адам бейнесінің әсерлілігіне назар аудар.



Сұлба неліктен графикалық бейне деп аталады?
Түсіндіріп айт.



E. Бем. Сұлбалар

СҮЛБА ЖАСАУ ЖОЛДАРЫ

Аппликация. Аппликация жасау үшін қара түсті қағазға адамның бейнесін салып, қайшымен қиып ал. Денесі, басы мен мойны бөлек жасалады. Аяқ-қолдарын екі бөліктен жаса, өйткені олар бүгілуі керек.



Барлық бөлшекті ақ не түсті қағаз парагының бетіне қой. Оны қозғалысты білдіретін белгілі бір қалыпқа келтір. Егер композиция ойындағыдан шықса, оларды ұқыптап желімде.



Сұлбаны қағаздарды жырту арқылы да жасауға болады. Ол үшін пішіндерді қайшымен қимай, қолыңмен жыртасың. Сонда қызықты бейне шығады.

Қара тушьпен салу. Сұлбаны қара фломастермен не тушьпен тұтас бояу арқылы салуға да болады.



Кляксография – ең қызықты сұлба жасау жолы. Қағаз бетіне тушты тамызып, адамның бейнесі шығу үшін оны жанжаққа жағасың. Сонда қызықты әрі күтпеген адам бейнелері шығады. Бұл жұмысты орындау үшін дәлдік, ептілік және ойдың үшқырлығы керек.



«Сүйікті спорт ойыны» сұлбасын жасаймыз

Қандай ойын түрін (немесе спорт түрін) бейнелейтінінді ойлан.



Сұлба жасау жолын және қағаз пішімі мен өлшемін таңда. Жұмысыңа фон (негізгісі) таңда. Ол қара түспен үйлесуі қажет. Пішіндер мен сызықтардың әсерлілігі, жұмысыңың түстік шешімі туралы ұмытпа.



№2 жұмыс дәптерінің 7-бетіндегі тапсырманы орында.



ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. «Сүйікті спорт ойынның» тақырыбына жасаған жұмысың туралы айтып бер.
2. Оны қандай тәсілмен орындаңың?
3. Қандай жолмен жасадың?
4. Қандай ойын түрін бейнеледің?
5. Қабілетің мен білімінді көрсете алдың ба?

1. Өзің білетін ойын түрлерін ата.
2. Достарыңмен бірге қандай ойын ойнайсың?
3. Ойындар несімен ұнайды?
4. Олар сенің қандай қабілетінді дамытады?




Сенің ата-анаң бала кезінде қандай ойын ойнағанын білесің бе? Егер олардан сұрасан, «Айгөлек», «Жасырынбақ», «Ақ терек, көк терек» деген ойын атауларын естисің.

Бұл ойындардың ережесін сұра. Сыныпта ұмыт болған ойындардың фестивалін ұйымдастыруды ойлан.

БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ



1. Жазғы және қысқы ойын түрлерін ата.
2. Қандай ұлттық ойын түрлерін білесің?
3. Ойындар адамның қандай қасиетін арттырады?
4. Балалар қандай ойын түрлерін бейнелеген?



1. Сұлба дегеніміз не?
 2. Оны жасау барысында не нәрсеге баса назар аударылады?
 3. Сұлба жасаудың қандай жолдарын білесің?
- Олардың бірі туралы айтып бер.



ГРАФИКА

СҰЛБА



САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:

- сәндік-қолданбалы өнер дегеніміз не екенін;



- ою-өрнек деген не, оның қалай жасалатынын;
- қазақ халқының қолөнері;
- ұлттық ыдыс-аяқ түрлері туралы



БІЛЕСІН;

- ыдыс-аяқ түрлерін ажыратуды;



- қарапайым пішіндерден өрнек құрастыруды;




- жаңа термин сөзді қазак, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

сәндеу
декорирование
decoration

ҮЙРЕНЕСІН;



- ұлттық ою-өрнектерді;
- қолөнер шеберлерінің туындысын



КӨРЕСІН.



СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

Сәндік-қолданбалы өнер – тұрмыстық заттарды жасау және әшекейлеу өнері. Қолөнер ертеде пайда болған. Адамдар айналасындағы заттарды әшекейлеуге тырысқан. Өзі үшін ең қадірлі бұйымдарды – баспанасын, ыдысын, киімін, қаруын өрнектермен әшекейлеген. Олар тұрмыстық заттарды әртүрлі белгілермен әшекейлеу арқылы өздерін зұлым күштерден қорғаймыз деп сенген.



Қ. Тыныбеков. «Жанұя» гобелені

Суретшінің қолтаңбасы бар жиһаз, ыдыс-аяқ, кілемдер, киім-кешек, сәндік бұйымдардың барлығы **сәндік-қолданбалы өнер туындыларына** жатады.



Айналаң зер салып қара!
Үйде, көшпеде сені қоршаған
заттардың арасынан қолөнер
шығармаларын тап.


Суретші заттарды өшекейлесе, ол **сәндеу** деп аталады. **Ою-өрнек** – сәндеу өнерінің маңызды бөлігі. Сызық және дақтар арқылы тамаша өрнектер жасауға болады.

Табиғаттың өзі шебер суретші. Көбелектердің қанатындағы өрнектерге қараши.



сәндеу
декорирование
decoration

Суретші табиғаттағы өрнектерге қарап, өзі де әртүрлі өрнектер ойлап табады. Ыңдыс-аяқ, киім, кілем, мата, жиназ, гимараттарға сән береді. Сонда айналамыз құлпырып сала береді.



№2 жұмыс дәптерінің 8–9-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫң ҚОЛӨНЕРІ

Қазақ халқы қолөнерімен мақтана алады. Көздің жауын алатын киіз және тоқыма кілемдер, зергерлік әшекейлер, киімдер, қару-жарақ, тері мен ағаштан жасалған ыдыстар қазақ шеберлерінің ісмер қолынан шыққан.



Аяққап



Қазақ үлттық киімінің
өрнегі.

Жібекпен кестеленген



Тұрмыстық заттар: сандық, жастық, кілем, қалқандар өрнектермен әшекейленген.



Тегене



Астай

Оюланған тегене немесе зеренге қымыз құйылады. Тегенедегі қымызды кішкене ожаумен құяды. Шеберлер ожауды тұтас ағаштан ойып, әдемі етіп жасауға тырысқан.

Астай – ағаштан ойып жасалған ет салатын үлкен ыдыс. Тұтқасы түрлі өрнектермен әшекейленеді. Қойдың басы бейнеленген ою-өрнектер отбасындағы береке-бірлік пен ынтымақты білдірген.

Сүйиқ тамақтар тостағандарға құйылатын болған. Тостағандарды тұтас ағаштан ойып жасаған. Кейде бұл ыдыстардың сыртын оюлармен әшекейлеген.

Суреттегі ыдыс түрлерімен тек қымыз емес, сонымен қатар шай да ішкен. Үдыстар бастапқыда ағаштан, одан кейін керамикадан жасалды.



№2 жұмыс дәптерінің 10–11-беттеріндегі тапсырмаларды орында.




ОЮ-ӨРНЕК ҚҰРАСТЫРАМЫЗ

Ою-өрнек – бүйімның бетіне түсірілетін нақыш. Өрнек нақыштары қайталанып, алмасып отырады.



Өрнек нақыштары бір сзызықтың бойында бірінен соң бірі тұрса, онда ол жолақты өрнек болады. Шаршы және шеңбердің ішіне де өрнек құрауға болады.



Өрнектерге мұқият қара. Олар қандай пішіндерден тұрады?

Өрнектер әртүрлі пішіндерден тұрады. Олар: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, сопақша. Өсімдік тәрізді өрнектер де бар (жапырақ, гүл, жидек, ағаш бұтақтары).

Аппликация тәсілімен өрнек құрастыру қыын емес. Ол үшін қалып үлгімен түрлі пішіндерді қыып алу керек. Оларды қағаздың бетіне кезектестіріп қояды. (Бөлшектердің арасындағы қашықтықтың бірдей болғанын қадағалау қажет!) Одан кейін үқыптап желімдейді.



??

Қошқардың мүйізіне ұқсайтын ою қалай аталады?



Ұлттық ою-өрнектер сан алудан нақыштардан тұрады. Олардың барлығы қоршаған ортадан алынған. Оны атауларынан да білуге болады. Олардың бірі жануарлардың сипатымен байланысты. Мысалы: «қошқармүйіз», «арқармүйіз», «түйетабан». Өсімдіктермен де байланысты өрнектер бар. Олар «гүл», «агаш» өрнектері. Аспан әлемін бейнелейтін өрнектер: «ай», «жұлдыз».

Шеберлер бұйымдарды өрнектермен әшекейлей отырып, бұл бұйымдардың иелеріне бақыт, байлық, денсаулық тілейді.



??

Мына өрнектерге қарап, олар нені еске түсіретінін айт.



№2 жұмыс дәптерінің 12–13-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



Бөлшектері бір сзықтың бойында бірінен соң бірі орналасатын нақыш қалай аталауды?



Интернеттен ою-өрнек үлгілерін тап. Оларды ою-өрнек құрастыру үшін пайдалана аласың.



Сен әртүрлі пішіндерден өрнек құрастырдың. Енді үлттық ою-өрнектерді құрастырып көр.



ЖҰМЫСТЫҢ РЕТИ

1. Түрлі түсті төрт қағазды екіге бұкте.
2. Бұктелген түсына «қошқармұйіз» оуының жартысының суретін сал.
3. Оны қиып ал. Бұктеуін ашсан, тұтас ою шығады.



4. Өрнектерді түрлі түсті төртбұрышты қатырма қағазға орналастыр.
5. Ұсақ пішіндермен толықтыр.
6. Түс үйлесіміне назар аудар. 3–4 түсті ғана пайдалан.

Өрнектерге қара. Өзіңе ұнай ма? Олай болса өрнектің барлық бөлшегін қатырма қағазға желімде.



Шеңбердің ішіне де өрнекті осылайша жасауыңа болады. Өрнектерді фломастерлермен де сала аласың.



Алдымен шеңберді бірдей 8 бөлікке бөл. Бұл өрнектердің өлшемі бірдей болуы үшін керек. Енді жиектеріне «қошқармуйіз» оюын сал. Оны ұсақ бөлшек және сзықтармен толықтыр.

??

1. Бұл өрнектермен нені әшекейлеуге болады?
2. Мұндай өрнектерді қайда қолданар едің?

ЖОБА



ПАПЬЕ-МАШЕДЕН ӘШЕКЕЙЛІ ТӘРЕЛКЕ ЖАСАЙМЫЗ

Папье-маше француз тілінен аударғанда «үгілген қағаз» деген мағынаны білдіреді. Қағаз қыындыларын белгілі бір бұйымға желімдеп, оны көшіру арқылы жасалады.

Біз папье-машеден тәрелке жасаймыз.



Саған мына заттар керек:

- 1) шағын тәрелке; 2) вазелин; 3) ескі газеттер;
- 4) ПВА желімі, желім жағатын қылқалам;
- 5) бітеме (тегістеу материалы); 6) зімпара қағаз;
- 7) түрлі түсті фломастерлер; 8) гуашь бояулары, қылқалам;
- 9) әртүрлі өсімдік тұқымдары.

ЖҰМЫСТЫҢ РЕТІ



1. Газетті ұсақтап жырт.

2. Тәрелкенің ішкі жағына вазелинді молынан жағып шық. Сонда желімдеген пішін тәрелкеден тез шешіледі.

3. Газет қыындыларын суга малып алып, тәрелкенің майланған жағына жapsыр. Оларды бірінің үстіне бірін нығыздап жapsыр. Тәрелкенің жиегінен асырып желімде. Желім жақпайтағы 2 қабат жapsыр.

4. Соңғы қабатын ПВА желімімен жapsыр. Оның бетіне газеттің құрғақ қыындыларын желімде. Дәл осылай 6 рет істе.

5. Оларды тәрелкеге қатты қысып, 2 күнге кептіріп қой.


6. Желімделген пішін өбден кепкеннен соң, оны тәрелкеден ақырын шешіп ал.
7. Бітемемен тегістеп қаптап шық. Бетін қолдың саусағымен тегістеген дұрыс.
8. Одан кейін өбден кепкенше күт.
9. Егер тәрелкенің беті кедір-бұдыр болса, зімпара қағазбен тегістеуіңе болады.
10. Енді тәрелкені өшекейлеуге кірісесің.



ТӘРЕЛКЕНІ ӨШЕКЕЙЛЕУ

1. Тәрелкені аппақ қүйінде қалдыруға болады. Гуашьпен бояуга да болады.
2. Гуашь кепкен соң бетіне фломастермен өрнек сал. Қағаздан өрнек қиып алып, желімдегің келсе, онда тәрелкенің бетіне лак жағу керек.
3. Ұсақ бөлшектермен сәндегің келсе, тұқымдарды пайдалан.
4. Тәрелкенің артына қағаз қыстырыш желімде.

ТӘРЕЛКЕ ДАЙЫН!
ЕНДІ ҮЙГЕ ІЛПП ҚОЮФА БОЛАДЫ.



Папье-машеден тәрелке жасауға мүмкіндік болмаса, дөңгелек пішінді түсті қатырма қағазға өрнек желімдеуге болады.



ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. Шеңбер ішіне өрнекті қалай жасағаныңды айтып бер.
2. Оны қандай тәсілмен орындағың?
3. Қандай ұлттық оюларды пайдаландың? Қандай ниет, тілегінді білдіргің келді?
4. Жасаған жұмысың арқылы қандай көңіл күйді көрсеткің келді?



Ұлттық ою-өрнек құрастыратын шебер туралы әңгіме жаз.

Шеберлер өрнектер арқылы қандай ниет, тілектерін білдіретінін есіне түсір.



Интернеттен ұлттық ыдыстар туралы мәліметтерді тауып оқып, сыйыптастарыңмен боліс.

БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ


??

1. Сәндік-қолданбалы өнер дегеніміз не?
2. Қолөнер бүйымдарын ата.
3. Өшекейлеу өнерінің мақсаты не?

1. Ыдыс-аяқтарды ата.



2. Қандай ұлттық ою-өрнектерді білесің?
3. Ою-өрнек дегеніміз не?
4. Бұл бөлімнен не үйрендің?



СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

СӘНДЕУ

ОЮ-ӨРНЕК

ПАПЬЕ-МАШЕ



ҚОРШАҒАН ОРТА

СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:


- жануарларды бейнелейтін суретшіні қалай атایтынын;



- жануарлар қалайша адамның досына айналғанын;




- жануарлар мен құстардың дене құрылышы туралы;



- жануарлардың үқастығы мен ерекшелігін

БІЛЕСІН;



- жануарларды әртүрлі жолмен бейнелеуді;



- монотипия жасауды;



- құстарға жемсалғыш жасауды;



- жаңа термин сөзді қазақ, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

МОНОТИПИЯ
МОНОТИПИЯ
monotype

ҮЙРЕНЕСІҢ:



- суретшілер жануарларды қалай бейнелейтінін;
- балалар жануарларды қалай салатынын



КӨРЕСІН.





ЖАНУАРЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Адамдар мен жануарлар қоршаган ортада өмір сүреді.

Мындаған жылдардан бері ит адамның төрт аяқты досына айналған. Мысық та – сүйікті үй жануарларының бірі.



Үй жануарлары туралы білетініңде есіне түсір. Дүниетану сабагынан үй жануарлары туралы не білдің?



Мысықтар үйдегі тышқанды ғана аулап қоймайды. Мұражайда өнер туындыларын да қорғайды. Мысалы, Ресейдің ірі мұражайы Эрмитажда 70-тен аса мысық бар. Олар мұражай экспонаттарын тышқандардан қорғап, «құтқарушы» қызметін атқарады.



- Сен ит пен мысық туралы қандай қызықты мәліметтер білесің? Достарыңмен бөліс.
- Жануарлардың қандай пайдасы бар?



Үйіндегі бір жануар туралы шағын әңгіме құра. Егер үйінде ешқандай жануар болмаса, өзің жақсы көретін жануар туралы жаз.

Жер бетінде таңғажайып жануарлар мекен етеді. Олар алуан түрлі. Сондай-ақ көптеген жануарлар жойылып бара жатыр. Бұған адамдар да жауапты. Зауыт-фабрикалар су мен ауаны ластауда.

Табиғатты қорғаушылар Қызыл кітапты шығаруды шешті. Неліктен қызыл дейсің бе? Өйткені қызыл түс қауіп-қатерді білдіреді. Қызыл кітапқа сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер енеді.



Халықаралық Қызыл кітапты 1963 жылдан бері Табиғатты қорғау дүниежүзілік қоры шығарып келеді. Кітап түрлі түсті параптардан тұрады. Оның қара түсінде жойылған жануарлардың тізімі бар (ел кезуші көптерлер, теңіз сиыры және т.б.). Қызыл түстерге жойылып бара жатқан және сирек кездесетіндер (қабылан, амур жолбарысы, қар барысы және т.б.) енген. Жасыл түсті параптарда құтқарылған жануарлар бар (өзен құндызы, бұлан және т.б.).



Интернетten еліміздегі және халықаралық Қызыл кітап туралы мәліметтерді іздең тауып, оқы.





№2 жұмыс дәптерінің 14–15-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



Жануарлар бір-бірінен дене түркіна қарап өзгешеленеді. Піл, кит, түйе, керік сияқты үлкен жануарлар бар. Тышқан, атжалман тәрізді кішкентайлары бар. Ал ит пен мысықтың қандай екенін өзің де білесің.

Жануарлар түсі және түсінің ерекшелігі бойынша да өзгешеленеді. Мысалы, ақ және қоңыр аю болады. Зебра мен жолбарыстың жолағы, керік пен сілеусіннің дағы бар.

Сондай-ақ жануарлар дене құрылыштарының ерекшелігі бойынша өзгешеленеді. Мысалы, пілдің құлағы мен тұмсығы үлкен, керіктің мойны өте ұзын. Ал түйенің бір не екі өркеші бар.



1. Өзіне тән ерекшеліктері бар тағы қандай жануарларды аттай аласың?
2. Хайуанаттар бағы мен үй шаруашылығында қандай жануарларды көрдің? Олар несімен есінде қалды?



Жер бетіндегі ең үлкен құс – түйекұс.
Оның биіктігі 3 метр.

Ал ең кішкентай құс – колибри. Оның өлшемі бар болғаны 6 см! Кіп-кішкентай болғанымен, жер бетіндегі ең әдемі құстардың бірі.



Сен тұратын қала немесе ауылда құстар өте көп.
Құстардың кейбірінің мойны ұзын. Енді біреуінің
қанаты үлкен. Бірінің тұмсығы ұзын, құйрығы сәнді.

Мына құстарға қара. Оларды ата. Ерекшеліктерін
айт.




№2 жұмыс дәптерінің 16–17-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ЖАНУАРЛАРДЫ БЕЙНЕЛЕЙМІЗ


Жануарларды бейнелейтін суретшіні **анималист** деп атайды. Сен де жануарларды жиі бейнелейсің. Олардың бәрінің денесі, басы, мойны және аяғы бар екенін білесің.



Алдымен денесі мен басын қарапайым пішіндер түрінде саламыз. Олар дәңгелек не сопақша болады. Одан кейін аяғын саламыз. Қазірше бұл қандай жануар екенін айту қыын.



Суретті толықтырамыз. Үшбұрышты құлағын, көзін, мұрны мен аузын, үлпілдек қүйрығын саламыз. Енді оның мысық екені белгілі болды.



Осылайша итті (қозы, лақ пен басқа да жануарларды) салуға болады.

Құсты салу да қыын емес. Оның басын дәңгелек, денесін жартылай дәңгелек етіп саламыз. Содан кейін қанаты, қүйрығы, тұмсығы мен көзін салған дұрыс. Кішкентай құстардың үшқанда аяғы көрінбейді.



Жануарларды өзіңе таныс дөңгелек, үшбұрыш, сопақша, тік төртбұрыш пішіндері арқылы салуға болады.



Мына жануарлар қандай пішіндерден жасалған?

ЖАНУАРЛАРДЫ МЫНА МАТЕРИАЛДАРМЕН САЛА АЛАСЫҢ:



көмірмен



қарындаш немесе
фломастерлермен



құргақ борлар –
пастельмен



бояумен

Мына жұмыстардың барлығын балалар салған. Олардың қайсысы саған көбірек үнады? Оны суреттеп, неліктен ұнағанын түсіндір. Кез келген материалды таңдап алып, сүйікті жануарынды бейнеле.



№2 жұмыс дәптерінің 18–21-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



МОНОТИПИЯ ЖАСАЙМЫЗ

Монотипия – шыны немесе қатырма қағаздың бетіне салынатын түсті дақтардың таңбалары. Таңба бір данамен ғана жасалады.

Жануарларды монотипия тәсілімен салу өте қызық.



Саған қағаз, бояу, қылқалам, қарындаш керек.

ЖҰМЫСТЫҢ РЕТИ



1. Қатты қағазға гуашь бояуларымен негізгі суретті сал.



3. Қағазды ақырын көтер.
Қозғалтпауга тырыс.

2. Оның бетін жұқа қағазбен жауып, қозғалтпай ұста.



4. Таңбаны ұсақ бөлшектермен толықтыр.

Монотипия тәсілімен жұмыс істесең, қиялыңа қанат бітіреді.



Бір дақтың өзінде әртүрлі бейнелер «жасырынып» жатуы мүмкін.

1. Түсті таңба жаса. 2. Оны түрліше аудар. Бір таңбаның өзінен әртүрлі бейне көруге тырыс. 3. Үлкендерден таңбаны түрлі түсті көшірмемен көбейтіп беруді сұра. 4. Таңбадан байқаған бейнені жалғастырып сал. Оны суретке түсір де, күнгірт қағазға шығарып ал. Одан соң ұсақ бөлшектермен толықтыр.

МОНОТИПИЯ
МОНОТИПИЯ
monotype



№2 жұмыс дәптерінің 22–23-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

ЖОБА



ҚҰСТАРҒА ЖЕМСАЛҒЫШ ЖАСАЙМЫЗ

Құстарға жем бергің келе ме?
Жемсалғыш жасап, оны үйінің жа-
нына іліп қой. Сонда құстарды бақылай
аласың.



Сенің қаланда (ауылдыңда) қандай құстар бар? Оларды
ата.

Жемсалғышты әртүрлі материалдар мен заттардан
жасауға болады. Пластмассадан жасалған бөтелке, стакан,
ыдыстарды пайдалана аласың. Улкендерден ыдыстарды
кесіп, екі жағынан тесіп беруді сұра. Оған жіп өткізіп, дән
шаш. Міне, жемсалғыш дайын! Енді оны ағаш бұтағына немесе
балконға іліп қою керек. Саған улкендер көмектеседі.



Өзінді дизайннер деп есептеп, берік әрі
ыңғайлы ғана емес, сонымен қатар әдемі
жемсалғыш жасау жолын ойлан.



Құстарға қандай жем береді? Құстар пісте, тары, сұлы,
кепкен шетен мен долана жиدهтерін жақсы көреді.
Жұмыртқа қабығын ұнтақтап беруге болады. Оның
құстарға пайдасы көп.

Құстарға қара нан, тұзды әрі қуырылған пісте беруге бол-
майды!



Құстарға жем берудің тағы бір тәсілі бар. Оны жасау үшін қарындаш, пенопласт, байлайтын жіп, клейстер және дән керек.

ЖҰМЫСТЫҢ РЕТИ

1. Алдымен пенопласттың бетіне алуан түрлі пішіндердің суретін сал (дөңгелек, жүрек, ай пішінді). Олардың өлшемі сенің алақаныңдан үлкен болмауы тиіс.
2. Одан әрі үлкендердің көмегі керек. Олар керекті пішінді кесіп, әрқайсысын тесіп береді.
3. Анаңнан крахмалдан клейстер істеп беруді сұра.
4. Қызып алған пішіндеріңің бір жағына клейстер жағып, оның бетіне жем шаш. Оны кептір.
5. Екінші жағына да клейстер жағып, жем шаш. Кептір.
6. Тесігіне бау немесе лента өткіз.



СЕНІҢ ҚҰСТАРҒА ЖАСАФАН СЫЙЛЫҒЫҢ ДАЙЫН!

Оны ағаш бұтағына, балкон мен саяжайдың үйдің қабырғасына іліп қоюға болады. Жақында саған торғай, шымшық және басқа құстар қонаққа келеді. Оларды сыртынан бақыла. Құстарды бейнелеуге тырыс!



№2 жұмыс дәптерінің 24–25-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. Қандай жануарларды салып үйрәндің?
2. Ол жануарлар сені несімен қызықтырыды? Айтып бер.
3. Монотипияны қалай жасадың?
4. Ойынды жүзеге асыра алдың ба?



Жер бетіндегі ең жылдам жануар – қабылан. Ол жеңіл мәшинені басып озады. Оның жылдамдығы – сағатына 115 км.



Судағы ең үлкен жануар – көк кит. Оның салмағы 150 тоннадан асады, ал ұзындығы 33 метрге жетеді.



Құрлықтағы ең үлкен жануар – африкалық піл. Оның салмағы – 6 тонна, ұзындығы 7,5 метр, ал биіктігі 3,3 метр.



Ең биік жануар – керік. Оның биіктігі 5–6 метр, салмағы 1600 кг. Мойнының ұзындығы 2 метрге жетеді.



Жануарлар туралы тағы қандай қызықты мәліметтер білесің? Сен қандай жануарларды бейнелеп үйрәндің? Оларды ата.




Интернеттен жануарлар туралы қызықты мәліметтерді тауып оқып, сыйыптастарыңмен бөліс.

БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

??

1. Қызыл кітап туралы не білдің? Айтып бер.
2. Жануарлар туралы қандай жаңа нәрсе білдің? Олар адамға қандай пайдада келтіреді?
3. Жемсалғышты не үшін жасайды?

1. Анималист-суретші деген кім?
2. Монотипия қалай жасалады?
3. Жануарларды қандай жолмен бейнелеуге болатынын айт.



4. Бұл бөлімнен не үйрендің?

МОНОТИПИЯ
АНИМАЛИСТ



САЯХАТ

СЕН БҮЛ БӨЛІМНЕН:



- композиция жасау барысында өлшемі әртүрлі қағазды пайдалануды;
- пішім дегеніміз не, оның қандай болатынын



ЕСІҢЕ ТҮСІРЕСІН;



- теңіз түбінде нелер тіршілік ететінін;
- олардың қандай екенін;
- бір бейнелі және көп бейнелі композицияның не екенін



БІЛЕСІН;

- суасты әлемін мекендеушілерді әртүрлі жолмен бейнелеуді;



- салпыншақ ойыншық жасауды;



- жаңа термин сөзді қазак, орыс және ағылшын тілінде дұрыс айтуды

фактура
factura
texture

ҮЙРЕНЕСІҢ;



- теңізде мекендеушілердің фотосуреттерін;
- балалардың суасты әлемін бейнелеген суреттерін



КӨРЕСІҢ.






СУАСТЫ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Саяхаттың түрі көп. Адам өзін қоршаган әлемді жақынырақ білу үшін саяхатқа аттанады. Әртүрлі елдердің тарихымен, мәдениетімен танысады. Тылсым дүниемен танысу үшін суасты әлемін зерттейді.

Суасты әлемі бай әрі алуан түрлі. Сондай-ақ ерекше әдемі. Кәне, біз де суасты әлеміне саяхат жасап көрейікші!





Теңіздің түбінде түсі мен пішіні алуан түрлі балықтар тіршілік етеді. Мына теңізді мекендеушілерді ата.



Актинии – алып гүлге ұқсас теңіз организмі.



Жұлдыздар тек аспанда болмайды. Теңіз түбінде де теңіз жұлдыздарын кездестіруге болады. Олардың әдемілігі аспан шырақтарынан кем емес.




Тағы қандай теңіз мекендеушілерін атай аласың?

ТЕҢІЗ ТҮБІН МЕКЕНДЕУШІЛЕРДІ БЕЙНЕЛЕЙМІЗ

Суасты әлемінен балықтарды, медуза, сегізаяқ, теңіз жұлдыздары, маржандар мен балдырларды кездестіресің.

Балықты салу қыын емес. Балықтың басы сопақшалау келіп, денесіне жалғасады. Кейде дөңгелек не үшбұрыш пішінді болады.

Денесін, құйрығы мен жұзбеқанатын өзгерте отырып, әртүрлі балықтарды бейнелеуге болады.



Қарашы, үш балықтың денесі бірдей. Алайда жұзбеқанаттары, құйрығы мен бояулары арқылы әртүрлі көрінеді.



Теңіздің түбінде балдырлар өседі. Олар да алуан түрлі. Сурет салу барысында сызықтардың ерекшелігіне назар аудар.

Медуза саңырауқұлаққа үқсайды. Тек аяғының орнында оның имек қармауыштары бар. Медузаның «қалпағы» да әртүрлі пішінді болады.



Теңіз жұлдызын салу да қын емес. Өзің де жұлдыздарды көп салған боларсың?! Алайда теңіз жұлдызының сызықтары тік емес, керісінше нәзік әрі толқын тәрізді.

Егер кішкентай теңіз балығының пішініне мұқият қарасаң, ол екі имек сызықтан тұратынын байқайсың.



№2 жұмыс дәптерінің 26–27-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



СҮРЕТКЕ ҚАҒАЗ ӨЛШЕМІ МЕН ПИШІМДІ ТАНДАЙМЫЗ



1. Қағаз өлшемі дегеніміз не?
2. Ол қандай болады?

Сен қағаз өлшемі композицияның әсерлі болуына ықпал ететінін білесің. Көне, оған тағы бір рет көз жеткізіп көрейікші.

Кішкентай балық кіші өлшемді қағаз парагына сыйяды.



Ал мына үлкен китке үлкен қағаз парагы қажет.

БІР БЕЙНЕЛІ ЖӘНЕ ҚӨП БЕЙНЕЛІ КОМПОЗИЦИЯЛАР



Егер суретте бір ғана бейне кескінделсе, мұндай композиция **бір бейнелі композиция** деп аталады.

Егер суретте бірнеше бейне кескінделсе, ол **қөп бейнелі композиция** деп аталады.



??

Пішім дегеніміз не?
Ол қандай болады?



A



Ә



Б

Теңіз жұлдызын шаршы пішімге орналастырган дұрыс (A).
Медузаға тік пішім керек (Ә). Балыққа көлденең пішім сәйкес
келеді (Б).

??

В, Г және F композицияларын салыстыр. Суреттер пішімдерге сәйкес келе ме? Оларды пішімдерге
сәйкестігі жағынан сипатта.



В



Г




F



№2 жұмыс дәптерінің 28–29-беттеріндегі тапсырмаларды орында.

«СУАСТЫ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ» ТОПТЫҚ КОМПОЗИЦИЯСЫН ЖАСАЙМЫЗ



Бірігіп композиция жасау үшін мыналарды орындау керек:

- белгілі бір тәсілді таңдау, мысалы, аппликация;
- композицияны талқылау;
- кім нені бейнелейтінін білу.





Өзің таңдаған теңіз мекендеушісінің суретін қағазға қарындашпен сал. Бояп, қып ал.

Балықтың жұзбеканаты мен құйрығын, медузаның қармауышын қағаздан жасап, теріс жағынан желімде. Сонда көлемді әрі әдемі көрінеді.

Балық, теңіз жұлдыздары, медуза, балдырлардың бәрі дайын болғанда, оларды көк түсті үлкен қағаздың бетіне жайып қойындар. Дайын композицияны қарап шығындар. Егер бәрі ойдағыдай болса, желімдеуді бастаңдар.

МЫНА ЖУМЫСТАРДЫ БАЛАЛАР ЖАСАФАН

Қарашы, балалар әртүрлі материалдармен жұмыс істеген.



Теңіз мекендеушілерін түрлі түсті фломастермен бейнелей аласың. Ермексаз немесе полимер балшығынан да мүсіндеуге болады. Монотипия тәсілімен орындалған теңіз жаратылыстары да ерекше көрінеді. Матрицамен қызықты жұмыстар орындаисың. Ескі түрлі түсті журналдар мен түсті қағазды пайдаланып, аппликация жасауға болады.





САЛПЫНШАҚ ОЙЫНШЫҚ ЖАСАЙМЫЗ

Фактура дегеніміз не?
Есіце түсір.

фактура
фактура
texture

Теңіз мекендеушілерін бейнелеп қана қоймай, мұсіндеуге де болады. Алайда ермексаз жарамайды, өйткені ол ұзақ сақталмайды. Ал полимер балшығынан жасалған ойыншықтар айшықты көрінеді әрі біразға дейін сақталады.



Ойыншық жасау үшін саған полимер балшығы, қармақ бауы немесе жіңішке әрі мықты жіп, жіңішке тақтайша не диаметрі 15–20 см шеңбер, таңба жасайтын құралдар керек.

ЖҰМЫСТЫҢ РЕТИ

1. Қалындығы 1 см болатын бейнелерді мұсінде. Ашық түсті полимер балшығын пайдалан. Әрбір бейнеде 2–3 түс болсын.
2. Бейнелердің бетін әртүрлі етіп бедерле.



Бедерлі таңбалар жаса. Қақпак, малтатас, шырша бүрімен ермексаз немесе полимер балшығынан сомдаған мұсініңің үстінен батырып бас. Заттардың таңбасы түсті ме? Қорытынды жаса.

3. Жасаған бейнелерді кептір. Кепкен соң, үлкендерден біз не тебен инемен тесіп беруін сұра.
4. Қармақ бауын тесіктен өткіз. Мүсіндерді ұзындығы әртүрлі бауларға ілген дұрыс. Сонда әдемі көрінеді.
5. Бейнелерді пластмасса не сымнан жасалған жіңішке шеңберге іліп қой.



Мұндай ойыншықпен үйінді сәндей аласың.

Егер үйінде кішкентай сәби болса, оның төсегіне іліп қоюыңа болады.

Досыңың туған күніне сыйлай аласың.

Сыныбыңың терезесін де сәндеуге болады.

Сонда бір ай бойы суасты патшалығында өмір сүресіңдер!



№2 жұмыс дәптерінің 30–31-беттеріндегі тапсырмаларды орында.



ТАНЫСТЫРУ, ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ



Сен балықтар тек жүзе алады деп ойлайсың ба? Интернеттен ұшатын балықтар туралы мәліметтерді тауып оқы.

Жер бетіндегі ең жылдам жануарды есіңде түсір. Семсербалық – балықтардың ішіндегі ең жылдамы.



1. Топтық жұмыстарың туралы айтып беріңдер. Қандай өлшем мен пішімді және қандай түстерді таңдадыңдар?
2. Қандай теңіз жануарларын бейнеледіңдер?
3. Композицияларың арқылы не айтқыларың келді?

1. Топта жұмысты қалай бөлістіңдер?
2. Бірігіп жұмыс істеген ұнады ма?
3. Топтық жұмыста татулық қажет пе?
4. Бірігіп жұмыс істеуден қандай қорытынды шығардыңдар?

БІЛІМ МЕН БІЛІК ҚОРЖЫНЫ

1. Пішім дегеніміз не?
2. Парақ пішімі қандай болады?
3. Бір бейнелі композиция дегеніміз не?
4. Көп бейнелі композицияда неше зат болуы мүмкін?
5. Теңіз тұбін мекендеушілерді қандай тәсілдермен жасауга болады?

1. Фактура дегеніміз не? Есіңе түсір.
2. Ол қалай жасалады?
3. Салпыншақ ойыншықты қалай жасағаныңды айтып бер.
4. Бұл бөлімнен не үйрендің?



**ФАКТУРА
БІР БЕЙНЕЛІ КОМПОЗИЦИЯ
КӨП БЕЙНЕЛІ КОМПОЗИЦИЯ**

ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

АВТОПОРТРЕТ – суретшінің өзін бейнелеген туындысы.

АКВАРЕЛЬ БОЯУЛАРЫ – суда еритін, мәлдір бояулар.

АНИМАЛИСТ – жануарларды бейнелейтін суретші.

АППЛИКАЦИЯ – қағаз бетіне әртүрлі пішіндерді жасыру.

БАСПА-ТАҢБА – қағаз парагына бояуы бар пішінді басу арқылы жасалған бейне.

БІР БЕЙНЕЛІ КОМПОЗИЦИЯ – бір бейнеден тұратын композиция.

Бір адамның портреті де бір бейнелі композиция деп саналады.

ГРАФИКА – басты әсерлегіш құралдары сызық, пішін, ақ және қара түстері болатын бейнелеу өнерінің түрі.

ГРАФИК-СҮРЕТШІ – графика туындыларын жасайтын суретші.

ГУАШЬ – суда еритін, қоймалжың бояулар және осы бояулармен орындалған туындылар.

ДИЗАЙН – заттарды өдемі өрі ыңғайлы етіп құрастырып, көркемдеу.

ЖЫЛЫ ТҮСТЕР – қызыл, қызғылт сары, сары түстер. Бұл түстер жылуды еске салады.

ЗІМПАРА ҚАҒАЗЫ – бұйымның бетін тегістеп, тазалауға арналған материал.

КЕСКІНДЕМЕ – бояумен салынатын бейнелеу өнерінің түрі.

КЕСКІНДЕМЕШІ-СҮРЕТШІ – кескіндең туындыларын жасайтын суретші.

КОЛЛАЖ – қағаз бетіне түсі мен фактурасы өзгеше табиғи және жасанды материалдарды жабыстыру.

КОМПОЗИЦИЯ – суретті қағаз бетіне ойлаған тақырыпқа сай әсерлі етіп орналастыру. Әдетте тұтас туындыны «композиция» деп атайды.

ҚӨЛЕМДІ БЕЙНЕ – жан-жағынан қарауға болатын бейне.

ҚӨП БЕЙНЕЛІ КОМПОЗИЦИЯ – екі немесе одан да қөп бейнелерден тұратын композиция.

ҚОРІНІС – картинадағы заттардың алдыңғы және артқы қатарға орналасуы.

ҚҰРАМА ТҮСТЕР – қызғылт сары, жасыл, күлгін және басқалар. Бұл түстер негізгі түстерді араластыру арқылы алынады.

МАТРИЦА – таңба жасауға арналған пішін.

МИМИКА – адам бет әлпетінің өзгеруі.

МОЗАИКА – тас, шыны, қыш, ағаш сияқты әртүрлі материалдан жасалған бейне.

- МОНОТИПИЯ** – шыны немесе қатырма қағаздың бетіне салынатын түсті дақтардың таңбалары.
- НАТУРА** – суретші қарап отырып салатын шынайы заттар.
- НАТИЮРМОРТ** – жансыз, қозғалмайтын заттар бейнеленген қылқалам туындысы.
- НЕГІЗГІ ТҮСТЕР** – қызыл, сары, көк түстер. Осы түстерді араластыру арқылы құрама түстер алынады.
- ОРИГАМИ** – қағазды бүктеу арқылы құрамақ жасау өнері.
- ОТБАСЫЛЫҚ ПОРТРЕТ** – отбасы мүшелері бейнеленген портрет.
- ОЮ-ӨРНЕК** – бүйымның бетіне түсірілген нақыш.
- ӨЛШЕМ** – қағаздың көлемі. Ол үлкен не кіші болады.
- ПАЛИТРА** – бояу араластыратын тақтайша.
- ПАПЬЕ-МАШЕ** – қағаз массасынан жасалған қатты нығыз бүйым.
- ПАСПАРТУ** – суретті безендіруге арналған қағаз не қатырма қағаздан жасалған жақтау.
- ПАСТЕЛЬ** – түрлі түсті борлар. Ол құрғақ және майлы болады.
- ПЕЙЗАЖ** – бейнелеу өнерінің табигатты бейнелейтін жанры.
- ПОРТРЕТ** – адамдарды бейнелеу өнері.
- ПИШІМ** – сурет салынатын парақ өлшемі.
- ПИШІН** – суретшінің басты өсерлегіш құралдарының бірі. Заттың сыртқы кескіні.
- РЕНК** – бір түстің құбылған түрлері. Бір түстің бірнеше реңкі болады.
- СӘНДЕУ** – әртурлі заттарды ою-өрнектермен өшекейлеу.
- СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР** – тұрмысқа қажетті бүйымдарды жасау және өшекейлеу өнері.
- СУЫҚ ТҮСТЕР** – көк, көгілдір түстер. Бұл түстер сұықты еске салады. Жасыл және күлгін тұс те суық түске жатады.
- СҮЛБА** – заттың дақ тәрізді кескіні. Өдетте қара түсті болады.
- СЫЗЫҚ** – суретшінің басты өсерлегіш құралдарының бірі. Сызық нүктеден басталады. Суретшілер суреттерінде әртурлі сызықтарды қолданады.
- ТОПТЫҚ ПОРТРЕТ** – екі не бірнеше адам бейнеленген портрет.
- ТҮС** – суретшінің басты өсерлегіш құралдарының бірі. Суретші бояуларды араластыру арқылы алуан түрлі түстерді алады.
- ТҮС ҮЙЛЕСІМІ** – бірнеше түстің өзара сөйкес келуі.
- ФАКТУРА** – материалдың сыртқы қабаты.

Интернет-ресурстар

<http://vospitatel.com.ua/zaniatia/mir/bumaga.html>
<http://www.maam.ru/detskijsad/konspekt-zanjatija-v-srednei-grupe-bumaga-i-e-svoistva.html>
<http://malenkiyrebenok.ru/uvlekatel-ny-j-detskij-skrapbuking>
<http://stranamasterov.ru/content/popular/inf/1398,451>
<http://www.tvoyrebenok.ru/origami.shtml>
<http://snova-prazdnik.ru/ukrashenie-stola-kolca-dlya-salfetok-svoimi-rukami/>
<http://www.infoniac.ru/news/Kak-krasivo-slozhit-bumazhnye-salfetki.>
<http://www.artlib.ru/index.php?id=12&idp=0&fp=2&uid=12057&idg=43&sa=1&pid=1509>
http://www.xliby.ru/domovodstvo/99_sposobov_oformlenija_podarkov/p7.php#metkadoc2
<http://www.novate.ru/blogs/061115/33646/>
<http://www.lesyadraw.ru/raznye/rasteniy>
<http://www.karakyli.ru/2014/06/14/morskoj-pejzazh-risuem/>
<http://www.mosaika.su/index.php/vidy/mosaika>
<http://www.tarih-begalinka.kz/ru/timettravel/aport/>
http://innature.kz/viewpage.php?page_id=39
<http://podelkisvoimirukami.ru/mozaika-iz-plastilina-urok-lepki/>
http://mosaic-hobby.blogspot.com/2012/03/blog-post_13.html
<http://xn----htbdalkp7av.xn--d1acj3b/vospitatelyam-uchitelyam-pedagogam/igryi-na-svejem-vozduhe.html>
<http://www.detkityumen.ru/biblio/category135/category137/807/>
<http://www.bilu.kz/kazah-igry.php>
<http://igrushka.kz/vip83/kazigr1.php>
<http://www.bibliotekar.ru/slovarZhivopis/101.htm>
<http://festival.1september.ru/articles/650936/>
<http://www.tarih-begalinka.kz/ru/history/postwar/figures/page3319/>
<http://www.bibliotekar.ru/slovarZhivopis/157.htm>
<http://gorod.tomsk.ru/index-1377518886.php>
<http://neprostoguru.ru/kvartira-i-dacha/drugoe-6/123783-kak-vyrezat-iz-bumagi-silujety.html>

МАЗМУНЫ

І ТОҚСАН

ӨЗІМ ТУРАЛЫ



1-сабак

Алғы сөз..... 3

2-сабак

Бірінші сыныпта адамның бет әлпеті туралы
не білдің? 6

3–4-сабак

Түс және сзық арқылы көңіл
күйді көрсетеміз..... 8

Көңіл күйі әртүрлі портрет
саламызы 12

Портретті әртүрлі тәсілдермен жасаймыз 16

5-сабак

Алуан түрлі қағаздар 18



(Жоба)

Фотосуреттерге альбом жасаймыз 20

Таныстыру, талдау және бағалау 22

Білім мен білік қоржыны 23



6-сабак

Жақындарыммен өткізетін мерекелер.
Қазақ дастарқаны 26

Композициядағы көрініс 28

7–8-сабак

Натюрморт жасаймыз 30

9-сабак

Салфеткаға қағаздан сақина жасаймыз 32

Таныстыру, талдау және бағалау 34

Білім мен білік қоржыны 35

МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

**10–11-сабақ**

Мектепті безендіреміз	38
Плакат жасаймыз	40
Матрицалармен таңба жасап үйренеміз	42

12–13-сабақ

Дизайн өнері	44
Қорап жасап, оны әшекейлейміз	46

Таныстыру, талдау және бағалау	48
Білім мен білік қоржыны	49

**МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ****14-сабақ**

Тұган өлке табиғатындағы жылы және сұық түстер	52
Реңк атаулары	54

15-сабақ

Бір түстің жылы және сұық реңктері	56
--	----

16-сабақ

Тұган өлке табиғатын бейнелейміз	58
--	----

17–18-сабақ

Мозаика өнерімен танысамыз	60
«Апорт алмасы» мозаикасын жасаймыз	62

Таныстыру, талдау және бағалау	64
Білім мен білік қоржыны	65



III ТОҚСАН

ДЕҢІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

19-сабак	Таза ауадағы ойын түрлері	68
20-сабак	Графика өнерімен танысамыз	70
21–22-сабак	Сұлба дегеніміз не?..... Сұлба жасау жолдары	72 74
	Таныстыру, талдау және бағалау	76
	Білім мен білік қоржыны	77



САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӨДЕБИЕТІ

23-сабак	Сәндік-қолданбалы өнер	80
24-сабак	Қазақ халқының қолөнері	82
25–26-сабак	Ою-өрнек құрастырамыз	84



(Жоба)

Папье-машеден әшекейлі тәрелке	88
Таныстыру, талдау және бағалау	90	
Білім мен білік қоржыны	91	

**27-сабақ****28-сабақ****29–30-сабақ****(Жоба)****31-сабақ****32-сабақ****33–34-сабақ****IV ТОҚСАН****КОРШАФАН ОРТА**

Жануарлардың алатын орны	94
Жануарларды бейнелейміз	98
Монотипия жасаймыз	100
Құстарға жемсалғыш жасаймыз	102
Таныстыру, талдау және бағалау	104
Білім мен білік қоржыны.....	105

САЯХАТ

Суасты өлеміне саяхат	108
Теңіз түбін мекендеушілерді бейнелейміз	110
Суретке қағаз өлшемі мен пішімді таңдаймыз	112
«Суасты өлеміне саяхат» топтық композициясын жасаймыз	114
Салпыншақ ойыншық жасаймыз	116
Таныстыру, талдау және бағалау	118
Білім мен білік қоржыны.....	119
Терминдер сөздігі	120
Интернет-ресурстар	122

Оқулықта мемлекеттік емес «Парус» бейнелеу өнері студиясы (Тараз қ.) мен «Учёная сова» білім беру орталығы бейнелеу өнері студиясы (Тараз қ.) оқушыларының кейбір еңбектері пайдаланылды.

Оқу басылымы

Раупова Надежда Алимовна

КОРКЕМ ЕҢБЕК

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *H. Бекхожаева*

Суретшісі *H. Раупова*

Көркемдеуші редакторы *M. Нұрбеков*

Техникалық редакторы *Y. Рысалиеva*

Корректоры *Y. Бахова*

Компьютерде беттеген *P. Салықбаева*

ИБ № 010

Теруге 10.01.2017 берілді. Басуға 15.05.2017 қол қойылды. Пішімі 84×108 $\frac{1}{16}$.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табагы 13,44. Есептік баспа табагы 3,17.
Таралымы 80 000 дана. Тапсырыс № 2429.

«Атамура» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңыры, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамура» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.